



«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының негізінде жасақталған
жоба бағдарламасы

Бекжанова Д.Б.

**Харассмент және оған қарсы тұру механизмдері
(Психологтарға арналған көмекші құрал)**

Ақтөбе, 2024

Пікір берушілер:

Токажнова А.М. - Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, п.ғ.к.,
доценті

Саммерс Д.Г. – Баишев университеті, PhD, доценті

Бекжанова Д.Б.

Харассмент және оған қарсы тұру механизмдері:
Психологтарға арналған көмекші құрал /Д.Б.Бекжанова –
Ақтөбе: Баишев Университеті, 2024.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мемлекет басшысы тағайындаған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының қаржыландыру негізінде жүзеге асырылатын жобаның психологтарға арналған көмекші құрал. Бұл көмекші құрал мектеп психологтарына қоғам мәселесі болып отырған харассмент ұғымы және оған қарсы тұру механизмдері туралы ақпарат береді.

© **Д.Б.Бекжанова**

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
ХАРАССМЕНТ: ТҮСІНІГІ, МӘНІ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІН ТАҢУ.....	7
НЕЛІКТЕН ХАРАССМЕНТТЕН АМАН ҚАЛҒАНДАР ЖИІ ҮНСІЗ ҚАЛАДЫ? ВИКТИМБЛЭЙМИНГ МӘСЕЛЕСІ.....	13
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚУДАЛАУҒА ҰШЫРАҒАН ӘР БІР АЗАМАТЫНА КӨМЕК КӨРСЕТУ ОРАТЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ.....	14
ХАРАССМЕНТПЕН КҮРЕСУГЕ ЖӘНЕ ОНЫ ТОҚТАТУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰРАЛДАР.....	17
ХАРАССМЕНТПЕН КЕЗІККЕН ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ҚАРСЫ ТҰРУ ІС-ҚИМЫЛ АЛГОРИТМІ.....	20
ХАРАССМЕНТ. ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ.....	25
ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	29
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР ЖИНАҒЫ.....	34
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР.....	44

КІРІСПЕ

«Мен Мемлекет басшысы ретінде кәмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін. Жол..»

© **Қасым-Жомарт Тоқаев**

Харассмент - бұл қорлау және жыныстық қудалау. Кең мағынада көптеген әрекеттерді жатқызуға болады - қажетсіз назар, әзілдер мен сексуалдық кеңестер, жанасу, қорқыту, бопсалау және адамды ұятқа қалдыратын, оның қадір-қасиетін төмендететін және жеке шекараны жүйелі түрде бұзатын кез келген әрекетті білдіреді.

Кейінгі кезде қоғамда харассмент құрбаны көбейді. Оның ішінде жасөспірім қыздар бұл жағдаймен бетпе-бет келеді. Сондай-ақ Қазақстандық қыздардың басым бөлігі харассмент туралы білмейді және оның негіздерін танымайды, соның салдарынан психикалық денсаулығы бұзылады.

Қазақстан ғылымында бұл термин толық зерттеле қоймады. Шет елдерде бұл ұғым кеңінен зерттеліп, харассментпен кездескен әйел жынысты адамдарды қолдау мақсатында бірнеше жобалар («Ты не одна», «Не молчи» т.б.) ұйымдастырылып отырады. Бұл жобалар біріншіден харассментке қарсы тұру механизмдерін көрсетсе, екінші жағынан әлеуметтік желілер арқылы психологтардан көмек алу мақсатында арнайы чат жасақталып анонимді түрде көмектер көрсетілді. Егер жәбірленуші өз ойын ашық айта алмаса, бұл құбылысқа қарсы тұра алмаған жағдайда ақпараттар алып отырды.

Жасөспірімдер қоғамдық орындарда эксгибиционизм, кибер харассмент, жанасу, вербалды харассментпен кездеседі. *Бірақ факт бар, статистика қайда? «Ештеңе болмады зой, бастысы сені ешкім зорламады»* деген сөздермен статистика жоқ, бірақ бұл оқиға жасөспірім психикасына ауыр соққы. Харассментке ұшыраған жандар оны зорлық деп қабылдамайды. Ал кәмелетке толмаған қыздар өз шекараларының бұзылғанын да сезбейді. Бұл жағдай көптеген психикалық бұзылыстарға әкеліп, адам өмірін құлдырауға әкеліп соғады.

Харассмент ұғымын анықтауға және әлеуметтік ортадағы осы құбылысқа қарсы тұру механизмдерін бағалауға арналған. Бұл көмекші құралда харассмент және мінез-құлқының анықтамаларын қарастырады және жасөспірімдерді қудалаудың мүмкін болатын түрін ұсынады.

Мінез-құлықты сипаттама ретінде саралау бойынша АҚШ-тың жалпыланған тәжірибесі қарастырылады және осы қауіпке қарсы құралдардың жеткіліктілігі тұрғысынан Қазақстанның заңдарының нормалары талданады. Соқтығысқан кезде харассменттен қорғау жөніндегі іс-қимылдардың ұйымдық-құқықтық алгоритмі жасақталады.

Ұлттық тәрбиенің әлсіреуі қоғамды келеңсіз жағдаяттардың күшеюіне әкеліп соғуда. Қазақ халқында ашық талқыланбаған мәселелер, бала көзден, құлақтан жасырын ұғымдар мен оларға беймәлім жағдайлар бар. Дегенмен, бұл жасырын құбылыстар әлеуметтік желілерде ашық талқыланып, бала көзі, құлағы теріс жағынан ұғынуда. Ал бұның алдын алудың және одан құтылудың бірден бір жолы өз ісінің мамандары кәсіби

ашық түрде талқылап, оның не екені танылып және одан қорғану жолдарын, нақты алгоритмдерін түсіндірген жөн. Сонда ғана келеңсіз жағдаяттардың болу ықтималдылығы азаяды деген сенімдемін.

ХАРАССМЕНТ: ТҮСІНІГІ, МӘНІ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІН ТАҢУ

Харассмент (ағылш. "harassment" – қудалау, қысым көрсету) - адамды қорлайтын немесе оның жеке шекарасын бұзатын кез келген қажетсіз және тітіркендіргіш физикалық және ауызша мінез-құлықты қамтитын кемсітушілік түрі. Екінші сөзбен айтқанда, харассмент (қудалау) адамға азаптау, оның беделін төмендету және басқалардың көз алдында төмендету, ренжіту немесе реакция жасау үшін қайталанатын және табанды әрекеттерден тұрады. Бір реттік ауыр оқиғалар кейде сипаттама ретінде қарастырылуы мүмкін. Маңыздысы, харассмент тек жыныстық қудалау ғана емес, сонымен қатар оған мыналар жатады: нәсіліне, ұлтына, дініне, жынысына, жасына, мүгедектігіне, жыныстық бағдарына, отбасылық жағдайына және басқа да белгілерге қатысты қажетсіз ескертулер, жест-ишаралар, мимика немесе әзілдер.

Харассмент әр ғылым саласында түрлі мағынада қолданылып жатыр, дегенмен бұл терминнің мағынасы жыныстық қудалауға тікелей меңзейді. Бұндай жыныстық қудалаумен жасөспірімдердің басым көпшілігі бетпе бет келіп жатады.

Мысалға елімізде соңғы уақыттарда әлеуметтік желілерде ашық талқыланып, харассмент құрбаны болып отырған

жасөспірімдер ата-аналары көмек сұрауда. Мысалға:

“19 мамырда Елордада болған кәмелетке толмаған баланы қудалау оқиғасын еске салайық.

12 жастағы Астаналық әйелдің анасы әлеуметтік желілерде белгісіз ер адамның қызын автобуста қудалағаны туралы хабарлама жазды. Әйелдің айтуынша, жолаушы жасөспірімнің жамбасына "кездейсоқ" тиіп, содан кейін автобусты қуып, қайтадан қолын тигізген.”
(<https://newtimes.kz/obshchestvo/160821-advokat-o-seksualnyh-domogatelstvah-v-kazahstane-statya-123-voobshe-ne-rabochaya-portalyan-alyngan-suxbat>)

Бұл болған оқиғаны харассменттің рұқсатсыз жанасу, қол тигізу түрі ретінде қарастырамыз және де бұдан бөлек 5 түрін көрсетсек:

- ізіне түсу;
- вербалды харассмент;
- кибер харассмент;
- эксгибиционизм;
- жыныстық қысым.

Қазіргі таңда зерттеулер нәтижесі харассменттің келесідей психологиялық қудалау түрлерін де көрсетіп отыр.

Газлайтинг - зорлық-зомбылықтың өте қатал түрі, өйткені оны тану өте қиын. Физикалық зорлық - зомбылықтан айырмашылығы, оны анықтау оңайырақ, өйткені жәбірленушінің денесінде дәлел ретінде көгеруі мен тыртықтары жиі қалады, газлайтинг - бұл эмоционалды зорлық-зомбылық, көбінесе назардан тыс қалады.

Жәбірленушіні манипуляциялаудың әдісіне болашақта

зиян келтіру қаупі жатады. Олар бірнеше түрге бөлінеді. солардың бірі зорлық-зомбылық қаупі, басқа қаржылық қауіптер.

Сонымен қатар, агрессор жәбірленушінің жақындарына, оның туыстарына, достарына, балаларына және тіпті үй жануарларына зиян келтіремін деп қорқытуы мүмкін.

Көптеген жасөспірімдер психологиялық террордың осы түрлеріне бой алдырады.

Сталкинг - бұл жәбірленушілерге зиян келтіретін және оларға қорқыныш тудыратын қайталанатын қасақана әрекеттер. Қудалау сонымен қатар «орынсыз қудалау» және «обсессивті қарым-қатынас шапқыншылығы» терминдерімен белгіленеді. Бұл құбылыстың мысалдары ретінде қайталанатын телефон қоңыраулары немесе мәтіндік хабарламалар, бақылау, шамадан тыс сүйіспеншілік білдіру, орынсыз сыйлықтар, жәбірленушінің әлеуметтік өзара әрекеттесуіне араласу, жеке кеңістікке басып кіру, заңсыз үйге кіру, жәбірленушіні бақылау, жасырын ақпарат жинау және интрузивті қудалау.

Сіз *онлайн* - ортада қудалаудың құрбаны бола аласыз немесе әртүрлі жағдайларда Киберқауіпсіздіктің құрбаны бола аласыз: сіз немесе басқа біреу басқа пайдаланушылардың реакциясын тудырған суреттерді жариялаған кезде, сіз немесе басқа біреу түсініктеме жазған кезде, Instagram-да *storise* жариялады; сізге жалаңаш фотосуреттерді жіберуге, сілтемелер жіберуге болады порно сайттар.

Интернеттегі қудалаудың құрбаны кез-келген адам болуы мүмкін: сіздің сыныптасыңыз, колледждегі группаласыңыз, мектептегі үлгеріміңізге және басқа құрдастарыңызбен

қарым-қатынасыңызға қарамастан.

► Қудалауды жүзеге асыратын адамның әртүрлі профильдері болуы мүмкін. Мысалы, бұл жоғары немесе өте жоғары емес үлгерімі бар тәртіпті оқушы болуы мүмкін, мүмкін ашық, белсенді, немесе керісінше – тыныш және тұйық адам.

► Виртуалды тұлғасы бар қудалаушы өзін шынайы өмірде көрсете алады немесе белгісіз болып қалуы мүмкін. Басқа біреуді – оның құрдасын, онлайн кеңістіктегі жасөспірімді қудалайтын адам да қудалаудың және тіпті шынайы өмірдегі зорлық - зомбылықтың құрбаны болуы мүмкін екенін ескеріңіз.

► Жұртшылық немесе қудалау куәгерлері – бұл қудалау жағдайын бақылайтын Интернет қолданушылары: түсініктемелерді қадағалай алады, біреудің мекен-жайына қорлайтын хабарламаларды оқи алады, жасөспірімді қорлайтын, қорлайтын немесе физикалық немесе эмоционалдық зорлық-зомбылық жасайтын бейнелерді көре алады. Интернеттегі ортада қудалауға ықпал ететіндердің саны әрдайым басылымдарды көшіру, қайта жариялау немесе тарату мүмкіндігімен артып келеді.

Қудалау - қылмыстың құрамын анықтау үшін жәбірленушінің психологиясы өте маңызды болатын бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірі.

Әдетте, қудалау құрбандарға үлкен зиян келтіреді. Бір талдау нәтижелеріне сәйкес, 25% - 46% дейін зардап шеккендер келесі бір немесе бірнеше формада жағымсыз салдарға ұшырады: мазасыздық, ашулану, тітіркену, стресс және ұйқының бұзылуы. Жасөспірімдерден зардап

шеккендердің үлгерімі күрт төмендейді кейбіреулер оқудан шығады. Көптеген қудалаушылар физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа қауіп төндіреді.

Қазір харассменттің құрбаны болған әйелдер мен қыздардың саны өте көп. Алайда, кей жағдайда ер балалар да харассмент оқиғаларына тап болады. Қазақстанда кейінгі төрт жылда 100-ге жуық жоғары деңгейдегі харассмент қылмысы тіркелгенімен, заң жүзінде ешкім жауапқа тартылмаған.

Харассмент – ауыр қылмыс түрі. Әр адам құқығын, психологиялық-моральдық санасын, денсаулығын сақтау үшін сауатты болғаны абзал.

Жасөспірімдерге қудалау, қысым көрсету өз жақындарынан, сыныптастарынан және бөгде адамдардан да келуі әбден мүмкін.

Қудалау әр түрлі орындарда болуы мүмкін: мектепте, колледжде, қоғамдық орындарда, тіпті өзіңізді қауіпсіз сезінетін жерлерде – үйде. Қудалау куәгерлердің бар-жоғына қарамастан болуы мүмкін.

Жалпы әлемдік статистикаға сүйенсек қысым көрсетушінің 60% жақындарынан болады екен. Бұл көрсеткіш COVID 19 орын алу кезеңінде айқын көрінді.

Техас университетінің психолог профессоры Дэвид Басс өз зерттеулерінде қудалаушы еркектерді келесідей сипаттаған «Зерттеулер маңызды жаңалыққа әкелді: сериялық қудалаушы адамдар жеке қасиеттердің қараңғы триадасында - нарциссизм, макиавеллизм және психопатияда жоғары көрсеткіштерге ие болды».

Қудалаушы бейнесін тану маңызды фактор. Дэвид Бастың суреттеуіндегі қудалаушы бейнесін саралайық:

нарциссизм (назардың орталығында болуға, таңдануға, ерекше артықшылықтар мен беделге ие болуға ұмтылу), *макиавеллизм* (манипуляцияға, алдауға, басқа Адамдарды мақтауға және қанауға бейімділік), және *психопатия* (ар-ұжданның болмауы, моральдық ойларды басшылыққа ала алмау, эмпатияға деген қабілетсіздік).

Сонымен қатар профессор екіншісі - қараңғы тирадағы психопатияның басты қарама-қайшылығын білдіретін жеке ізгі ниет айнаымалысын көрсетеді. Қайырымдылықтың жоғары көрсеткіштері бар адамдар үйлесімді, әлеуметтік өзара әрекеттесу кезінде ынтымақтастық пен эмпатияға қабілетті (кейде бұл қасиет жеңіл триадаға жатады).

Демек, қудалаушының екі түрлі сипатын көреміз. Бірі агрессияға бейімді бірден өзінің қараңғы триадағы бейнесін көрсетсе, екіншісі өз агрессиясын жасырын ұстап эмпатияға бейім. Жасөспірімдері қудалаушы адамдардың басым көпшілігін өзін үштік триададан алшақ ұстап, өзін қайырымды, ынтымақтастық пен эмпатияға жақын көрсетеді.

Бұл бөлімде харассмент ұғымы мен оның түрлері және қауіп төндіруші адамдардың бейнесін қарастырсақ, келесі бөлімдерде қудалаудан қалай құтылуға болады және қудалауға ұшырап жүрген жасөспірімдерді қалай танимыз деген мәселелер қарастырылмақ.

НЕЛІКТЕН ХАРАССМЕНТТЕН АМАН ҚАЛҒАНДАР ЖИІ ҮНСІЗ ҚАЛАДЫ? ВИКТИМБЛЭЙМИНГ МӘСЕЛЕСІ

«Қудалау зорлық емес». «Неге мен оны тұмсыққа бермедім?». «Менің жалаңаш кіндігімді көрмеге қоюдың қажеті жоқ еді».

Қудалау туралы пікірлердің көпшілігі «тізедегі қол» немесе «қорқыту және тітіркендіргіш қорлау» харассмент емес, өйткені "зорлық-зомбылық жоқ".

Осындай іспеттес қоғам көзқарастары көптеген қыз балалардың үнсіз қалуына себеп болады. Бұл – виктимблэйминг. Виктимблэйминг-бұл зорлық-зомбылық құрбанына (физикалық, эмоционалдық, жыныстық) болған оқиға үшін жауапкершілікті ауыстыруды білдіретін термин. "Өзі кінәлі", "арандатудың қажеті жоқ", "сіз не ойладыңыз" — мұндай тіркестер зардап шеккен адамды ұятқа қалдырады және онымен болған оқиға үшін кінәлі етеді. Онсыз да жарақат алған жәбірленуші қолдау алудың және жоғалған қауіпсіздік сезімін қалпына келтірудің орнына жарақат алады. Жәбірленуші өзімен болған оқиға үшін ұятқа қалуға мәжбүр болған кезде құрбандық туралы түсінік бар.

Жауапкершілікті өз мойнына жүктейтін біздің қоғамда бұл мәселе жабық күйінде қалып, жасөспірімнің психикалық денсаулығын төмендетіп, өмірлік белсенділігі мен толыққанды өмір сүру жүйесін бұзып, одан әрі ушыққан іс-әрекеттерге көз жұмуына әкеліп соғады.

Жақын және алыс шет елдерде бұл мәселе ашық түрде талқыланып, харассмент жәбірленушілеріне дер кез кезінде

көмек беріледі. Қазақстанның харассментке қарсы тұратын жобалары болды, жоқ емес, дегенмен талқыға көп түсетіні «жұмыс орнындағы әйел адамның жеке өміріне қол сұғушылық», ал бұл жобада жасөспірім қыздардың мәселелесі қарастырылғанын жөн көрдім.

Мәселе мынада, жасөспірім қыздардың харассментпен кезігіп үнсіз қалуы, бұл мәселеге қарсы заңның нақты күші жоқтығы, факт бола тұра статистика жоқтығы қарама-қайшылық туғызады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚУДАЛАУҒА ҰШЫРАҒАН ӘР БІР АЗАМАТЫНА КӨМЕК КӨРСЕТУ ОРАТЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Қудалау құрбандарының қарамағында бірқатар қорғаныс құралдары бар. Әсіресе құрбандарға көмектесу үшін біз сайт жасадық. Ол қазақ тілінде қолжетімді, сондықтан сіз білетін жасөспірімдер арасында қудалау құрбандары болса, осы сайтқа кеңес бере аласыз. Бұл сайттан біз харассменттің түрлерін қалай танимыз және кезіккен жағдайда жасалау қажет бірінші әрекеттер туралы және жәбірленушілерге көмек көрсету қызметтері және басқа пайдалы сайттарға сілтемелер туралы толық ақпарат біле аламыз.

Қазір әлеуметтік желінің заманы, сондықтан мемлекетімізде жәбірленушілерге көмек берудің бірнеше сайттары жасақталған.

Техникалық көмек туралы Келісім шеңберінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырысы бойынша ЮНФПА әзірленген жасөспірімдер мен ата-аналарға

қажетті арналған жыныстық және репродуктивті денсаулық сайты бар. Мұнда сіз маманға құпия негізде сұрақ қоя аласыз. (www.kazakhstan.unfpa.org)

Алдағы бөлімдерде жасөспірімдерге көмек ретінде Қазақстанда жасақталған программалар туралы ақпараттарда көрсетіледі. Сілтемелер туралы ақпарат мейлінше таратылуы қажет, егер жасөспірім ата-анасына немесе жақын туыс, достарына айта алмайтын жасырын ұстайтын құпияларымен бөліседі және көкейдегі жасырын сұрақтарға анонимді түрде жауап ала алады. Мысалға көптеген жасөспірімдер бойындағы өзгерістер және табиғи құбылыстары туралы ашық түрде сауал қойып жауап алуға ұялады. Осындай жағдайларда жоғарыда көрсетілген сілтеме бойынша жасөспірім жыныстық және репродуктивті денсаулығы туралы ақпарат көздерін табады.

Әр бір мектеп психологтарының лауазымдық қызметіне кіретін балаға анонимді көмек көрсететін сенім жәшігі орналасуы қажет. Бұл сенім жәшігінің көзге түсіп тұруы және бірнеше жерде орналасуы міндетті. Сонымен бірге психолог бұрышында сенім телефондары, қажетті сайттарға сілтемелер бағдарламасы болуы қажет. Қудалауға ұшыраған жасөспірімнің жадында бұл ой қанша зейіннің алаңдаушылығы болса да, жадында тұрады және бұл ақпараттар бірден жасында есте сақталып отырады.

Қазақстандағы әйелдердің 70% өмірінде бір рет болса да зорлық-зомбылықтан зардап шеккен деп «ЖАН-САЯ» дағдарыс орталығы ақпарат береді. Бұл көрсеткіштің негіздемесі орталыққа түскен жәбірленушілер қоңырауынан алынған. Мысалға, 2022 жылы кәмелетке толмаған қыз балалар мен әйелдер (оның ішінде 143 адам

заңгер көмегіне, 855 адам психолог) орталық көмегіне жүгінген. (<https://uki.kz/kaz>)

Егер келеңсіз ойлар мазалап, өзіңізге сенімсіз болсаңыз осы сайттар ішінде онлайн түрде сынақтан өтіп, өз күдіктеріңіздің қаншалықты шынайы екендігін және оның қауіп дәрежесін анықтай аласыз.

Ал егер, жағдай ушыққан, дер кезінде көмек қажет болған жағдайда келесідей байланыс көздеріне шыға алады.

Біздің мемлекетімізде 111 байланыс орталығының қызметі жұмыс істейді. 111 байланыс орталығының қызметінің мақсаты мен міндеттері отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жан-жақты көмек көрсету болып табылады. Күнделікті өткір проблемалардың алдын алу.

111 байланыс орталығының қызметі мемлекеттік деңгейде жұмыс істейді.

Егер кішкентай баланың қараусыз қалғанын, оған қауіп төніп тұрғанын байқасаңыз, балаға немесе әйелге қатыгездік көрсету, зорлық-зомбылық көрсету, құқықтарының бұзылуы мүмкін екенін білсеңіз, 111 нөміріне хабарласу қажет.

- «111» нөмірі – тәулік бойы 24/7 ашық
- «111» нөмірі – құпия
- «111» нөмірі – өңірлердің ішкі істер департаментімен және жедел топтармен тәулік бойы байланыста болу
- «111» нөмірі – балалардың, отбасылар мен әйелдердің құқықтарын қорғауға байланысты барлық мәселелер бойынша өтініш қабылдау.
- Барлық қоңыраулар жазылады. Қоңырау шалушы қандай шаралар қабылданғаны туралы кері байланыс беруі қажет.

Өтініш берушілердің сұрақтарын шешу кезінде «111» Қызмет қызметкерлері өзара іс-қимыл алгоритмін ескере отырып, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен, әкімдік қызметкерлерімен, сондай-ақ облыстық қоғамдық қабылдау орталықтарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Әрбір өтініш берушіге өтінішті шешу үшін қандай шаралар қабылданғаны немесе өтінішті қарау нәтижесі туралы кері байланыс беріледі.

Сонымен қатар, *сенім телефоны қызметі 150* - бұл еліміздің кез келген бұрышынан оңай есте қалатын үш таңбалы нөмірге, балаға ыңғайлы уақытта 24/7, қазақ және орыс тілдерінде тегін қоңырау шалу мүмкіндігі бар. Әйел тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауға мамандандырылған дағдарыс орталығына немесе баспанаға тікелей жүгіне алады.

ХАРАССМЕНТПЕН КҮРЕСУГЕ ЖӘНЕ ОНЫ ТОҚТАТУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰРАЛДАР

Бұл бөлімде біз пайдалы болуы мүмкін бірнеше қорғаныс әдістерін қарастырамыз. Айта кету керек, олардың біреуі жағдайлардың жүз пайызында жұмыс істемейді, ал кейбір қудалаушылар оларды айналып өтуге тырысады.

Қоғамның қолдауына ие болыңыз. Бұл бірінші және ең маңызды қорғаныс желісі, мүмкін тарихи тұрғыдан ең көне. Достар мен туыстар шапағатшы бола алады. Егер жасөспірім автобус немесе көше қиылыстарында қысымға ұшыраса дереу жан-жағынан көмек сұрау қажет.

Әлеуметтік қолдау қуғыншылардан бірнеше жолмен қорғайды. Ол жәбірленушінің жалғыз емес екендігі туралы сигнал жібереді. Әлеуметтік одақтастар қуғыншының әрекетін растайтын тәуелсіз куәгерлер бола алады. Егер қудалау қауіпті болса, олар полиция шақыруы мүмкін. Сот талқылауы болған жағдайда куә бола алады. Егер күшейту қажет болса, олар өздерінің одақтастарымен бірге жиналуы мүмкін. Жақын достарыңызды немесе туыстарыңызды жоспарларыңыз туралы және қайда болатыныңыз туралы хабардар етіңіз. Қудалаудың кейбір құрбандары одақтастарына хабарлауға ұялады, ал басқалары қуғыншының мінез-құлқына өздерін кінәлайды. Осы кедергілерді жеңу және әлеуметтік байланыстарды тарту.

Өзіңізді барлық қорғаныс құралдарымен қаруландырыңыз. Жедел телефон нөмірлерін жылдам теруге енгізіңіз. Хаттарды, мәтіндік хабарларды сақтаңыз қылмыстық мінез-құлық хронологиясын орнату үшін оларды алу уақытын белгілеңіз.

Әлеуметтік желілердегі қатысуды азайтыңыз. Көптеген қуғыншылар киберкеңістікте әрекет етеді. Сіз facebook, twitter, instagram немесе басқа әлеуметтік желілерді жазған кезде олар сізді бақылай алады. Олар ақпаратты сіздің орналасқан жеріңізді, саяхаттарыңызды, қызығушылықтарыңызды және әрекеттеріңізді бақылау үшін пайдалана алады. Олар біздің достарымыздың кім екенін біліп, бұл мәліметтерді сіздің өміріңізге ену немесе сіз туралы өсек тарату үшін қолдана алады. Мүмкіндігінше әлеуметтік медиадан тыс қалу туралы ойлану керек.

Қудалауды тоқтатуға көмектесетін тағы бірнеше әрекеттер бар. Ең көп таралған кеңестердің бірі – жазу

қудалаудың барлық көріністері (күні, уақыты, орны, оқиғасы, куәгерлер): сондықтан айып тағып, көмек сұрау оңайырақ болады. Бірақ егер сізде мұндай жазбалар болмаса, бәрібір ересектерге хабарласыңыз.

Сіздің жеке шекараларыңыз туралы. Харассмент немесе жыныстық қудалау жағдайындағы ең қиын нәрсе - бұл сіздің сезімдеріңізге сену және оларды елеусіз нәрсе ретінде жоққа шығармау. Сіздің жеке шекараңызға ешкімнің қол сұғуға құқығы жоқ. Жеке шекаралар - бұл сіздің мүдделеріңіз, принциптеріңіз бен сенімдеріңіз, соның ішінде сіздің дене шекараларыңыз.

Сіздің шекараңызда бәрі жақсы екендігінің ең маңызды белгісі - бұл сізге ыңғайлы болған кезде. Егер айналаңыздағы адамдар өз сөздерімен немесе іс-әрекеттерімен сізге физикалық немесе эмоционалдық ыңғайсыздық тудырса, бұл сіздің жеке шекараңызды бұзу.

1. Сіздің денеңіз тек Сізге тиесілі. Дененің кез-келген бөлігіне кез-келген, тіпті ең зиянсыз жанасуды немесе сіздің еркіңізге қарсы жыныстық қатынасты кесіп тастаңыз.

2. Жеке ақпаратты (мекен-жайы, телефон нөмірі және т. б.) ашық түрде жарияламаңыз.

3. Өзіңізді нашар және ыңғайсыз сезінетін орындар мен компаниялардан аулақ болыңыз.

Егер Сіздің танысыңыз \мұғалім\ сыныптасыңыз немесе сіз жақсы білетін кез-келген адам сізге тым жақын болса, сіздің еркіңізге қарсы сізге тиіп, жағдайды тыныш ойлауға және талдауға тырысыңыз. Біз сізге ерекше ештеңе болып жатқан жоқ деп ойлайтынымыз туралы жаздық, өйткені сіз таныссыз. Сізде дүрбелең басталуы мүмкін, сіз есеңгіреп қалуыңыз мүмкін. Бірақ егер сіз бірден әрекет ете

бастасаңыз, онда сізде жаман ештеңе болмауы мүмкін. Егер қуәгерлерді шақыру мүмкіндігі болса - қоңырау шалыңыз. Егер сіз қудалаушыны итеріп, қашып кете алсаңыз - мұны жасаңыз. Егер жақын жерде сенетін адам болса - оған не болып жатқанын хабарлаңыз немесе телефон арқылы хабарласыңыз. Кез – келген ересек адамнан көмек сұраңыз - бұл жағымсыз жағдайды түсіну үшін. Бұл ұят емес, сіз өзіңізді құтқарасыз! Егер кез - келген жағдайда біреу сізге қол тигізсе, ал сіз бұл жағымсыз және оны қаламасаңыз, фотосуретке немесе бейнекамераға түсіріп, бұл туралы ешкімге айтпауды өтінсе, біліңіз: сіздің шекараңыз бұзылады. Басқа адамның денесінің кез келген бөлігіне қол тигізуге мәжбүр болған кезде, мұны жасамайтыныңызды анық және ашық айтыңыз. Егер қоғамдық көлікте біреу өз денесін «ысқылауға» табанды түрде тырысса, сізді құшақтап алса, мүмкіндігінше тезірек кетіңіз. Кейде «менен алыстаңыз» деген сөз жеткілікті. Егер сіз обсессивті назар аударуды немесе «бір жерге бару» деген тұрақты сөйлемдерді ұнатпасаңыз, бұл туралы ашық айта аласыз.

ХАРАССМЕНТПЕН КЕЗІККЕН ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ҚАРСЫ ТҰРУ ІС-ҚИМЫЛ АЛГОРИТМІ

Харассмент қаупін екі деңгейге бөлсек: біріншісі – бастапқы кезеңі (қудалау түрлерінің мезеттік көрініс таба бастауы), екінші – ушыққан кезең (әрекеттердің күшейуі, алаңдатын жағдайлар өміріңіздің басым бөлігін басып кетеді). Енді осы екі деңгейде қандай әрекеттер жасау қажетпіз алгоритмдерін көрсетсек.



Егер сіз күнделікті өмірде харассменттің бастапқы кезеңімен кезіксеңіз дер кезінде тоқтату мүмкіндігін пайдаланып мына іс-қимылдар қатарын қолданыңыз

Ізіне түсу

Егер сіздің ізіңізге бейтаныс адам түскендігін байқасаңыз дереу жан-жағыңыздан еш ойланбастан көмек сұраңыз, сонымен қатар ешқандай жабық ғимараттарға немесе үй дәлізіне қарай бет алмаңыз. Ата-анаңызға немесе сізді қорғай алатын ересек адамдар болса хабарласып алдыңыздан шығуды өтінізіз. Сізді күтіп алатын адамның реті болмай жатырған жағдайда жедел қызмет 111 орталығына қоңырау шалыңыз.

Вербалды харассмент

Өзіңізден ересек ер адамдардан сексуалды әрекеттерге меңзейтін сөздер немесе дене бітіміңізге байланысты оғаш әңгімелер, сізге қолайсыздық тудыратын сөздер естейтін болсаңыз біріншіден бұл адамнан өз бойыңызды алшақ ұстаңыз, дөрекі сөздер айтып ескертпе жасаудың қажеті жоқ. Одан әрі іс-әрекетіңіз қамқоршыңызға хабар беру, мектеп психолгына кеңеске бару. Себебі айтылған сөздер сіздің жадыңызда қалып түрлі ойлар тудырып, психологиялық денсаулығыңызға әсерін тигізуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл жыныстық қудалауға ұласуы мүмкін, сондықтан бей жай қалдыруға болмайды, міндетті түрде жоғарыда айтылғандай қамқоршыңызға хабар беріңіз.




Газлайтинг


Әдетте қудалаушы сіздің оғаш әрекетіңізді көріп оны ата-анаңыз немесе достарыңызға айтатындығы туралы бопсалайды және жақындарыңызға зиян келтіретіндігі туралы айтып эмоционалдық қысым көрсетеді. Сізді тығырыққа тіреп бопсалау мақсатында өзінің дйттеген мақсатына жетпекші, ал сіздің осал тұсыңыз оған жол ашады. Сондықтан бопсалау әрекетіне қарай өз қамқоршыңызға мәлімдеуіңіз қажет, өзіңіздің қателігіңізді де мойындаудан қорықпаңыз. Уақыт маңызды, уақытты өткізіп алмауға тырысыңыз!

***Есте сақтаңыз және біле жүріңіз:** Қудалау қалыпты жағдай емес, әзіл емес, қарым-қатынас немесе достық тәсілі емес. Егер сізде қорқыныш, ыңғайсыздық болса, оны тоқтатыңыз, бұл туралы сенетіндерге айтыңыз. Сізге көмектеседі. Сіз өз өміріңіздегі маңызды адамсыз, ешқандай адамның сіздің шекараңызға өтуге және психикалық денсаулығыңызға әсер етуге жол бермеңіз!*


Екінші – ушыққан кезең (әрекеттердің күшейуі, алаңдатын жағдайлар өміріңіздің басым бөлігін басып кетеді). Яғни, сіздің өміріңізге кесірін тигізетін табанды әрекеттердің орын алуы. Отбасылық, тұрмыстық зорлық-зомбылықтардың болуы.




Жедел қызмет көрсету орталығына хабарласу 111



Балалар мен жасөспірімдерге арналған халықтық сенім телефонына хабарлама беріп көмек сұрау 105



Аймақтық сенім телефонына немесе мектеп психологына жүгіну



Құқықтық қорғау органы полиция бөліміне қоңырау шалыңыз 102

Есте сақтаңыз және біле жүріңіз: Өзіңізді барлық қорғаныс құралдарымен қаруландырыңыз. Жедел телефон нөмірлерін жылдам теруге енгізіңіз. Хаттарды, мәтіндік хабарларды сақтаңыз қылмыстық мінез-құлық хронологиясын орнату үшін оларды алу уақытын белгілеңіз. Міндетті түрде жақындарыңыздан көмек сұраңыз, бастапқы кезеңінде ақ дабыл қағу керек, сіздің өміріңіз маңызды сондықтан көмек сұраудан ешқандай қысылмаңыз!

ХАРАССМЕНТ. ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Соңғы уақытта бір адамның әдептен тыс тәртібін көрсететін, екінші адамның жеке өміріне қол сұғылмаушылықты бұзатын мінез-құлқын белгілеу үшін “харассмент” термині жиі қолданыла бастады. Алайда, заң ғылымында бұл термин жеткіліксіз дамыған, бұл оның мұқият ғылыми түсінігі мен отандық құқықтық жүйеге бейімделуінің өзектілігін арттырады.

“Харассмент” термині көптеген шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамасында қолданылады, соның ішінде: Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Венгрия, Германия, Дания, Ирландия, Испания, Италия, Польша, Португалия, Франция, Чехия, Финляндия және т.б.

